



Ғылыми мақала / Scientific article
XF7AP / IRSTI 02.41.51



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-112-125>

The serpentine image of Erlik Khan in turkic cosmogonic myths: a phenomenological analysis of religion

Ersultan Alaidar✉

Ondokuz Mayıs University, Samsun, Türkiye

✉ersultan.alash@gmail.com

Abstract. This study examines the serpentine image of Erlik Khan in the Altai creation myth. Identifying his serpentine nature paves the way for clarifying the role and significance of the snake in the cosmological worldview of the Turkic peoples. In doing so, it provides a foundation for demonstrating that, as in other mythological traditions such as those of Sumer, China, and Egypt, the motif of the snake is also present in Turkic creation myths. For this purpose, Erlik Khan's role and characteristics are comparatively analyzed in the context of the period from the beginning of the creation event to his emergence as the ruler of the underworld, alongside other mythological serpent-like figures. In the course of this analysis, the underlying aim of Erlik Khan's changeable relationship with the deity Ülgen—to maintain cosmic harmony—is first identified. As a result, parallels are revealed between Erlik Khan and, on one hand, the cosmic serpent residing at the base of the World Tree, and on the other, the serpent-bodied hero Yu in Chinese mythology. In particular, the similarities between Erlik Khan and Zmeya Baba Khan in terms of dwelling, function, and sacred qualities are examined in depth, with special attention paid to their initiatory traits that intersect through the context of blacksmithing. Ultimately, the study aims to identify the parallels between Erlik Khan and various mythological serpent figures from multiple perspectives. These identified similarities, in turn, may serve as a basis for reinterpreting and reconstructing Erlik Khan's image as a serpentine mythological figure.

Keywords: Erlik Khan; serpentine image; cosmogonic myth; Zmeya Baba Khan; creation of the world; Hero Yu; cosmic serpent

For citation:

Alaidar E. The Serpentine Image Of Erlik Khan In Turkic Cosmogonic Myths: A Phenomenological Analysis Of Religion // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 151. – No. 2. – P. 112-125. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-112-125>

Сілтеме жасау үшін:

Әлайдар Е. Түркі Космогониялық Миф(Тер)індегі Ерлік Ханның Жылан Бейнесі: Дін Феноменологиясы Тұрғысынан Талдау// *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 151. – No. 2. – P. 112-125. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-112-125>

Түркі космогониялық миф(тер)індегі Ерлік Ханның жылан бейнесі: дін феноменологиясы тұрғысынан талдау

Ерсұлтан Әлайдар

Он Тоғызыншы Мамыр Университеті, Самсун, Түркия

Змеинный образ эрлика хана в тюркских космогонических мифах: феноменологический анализ религии

Ерсултан Алайдар

Университет Он Докуз Маис, Самсун, Турция

Аңдатпа. Бұл жұмыста Алтай жаратылыс дастанындағы Ерлік ханның жыландық бейнесі қарастырылады. Оның жылан бейнелі болмысын анықтау, жалпы түркілердің космогониялық танымындағы жыланның рөлі мен маңызын нақтылауға жол ашады. Осы арқылы Шумер, Қытай және Мысыр сияқты өзге мифологиялық дәстүрлердегідей, түркілердің жаратылыс туралы мифтерінде де жылан бейнесінің кездесетінін дәлдеуге негіз жасалады. Бұл өз кезегінде Түріктердің мифтік көзқарастарының астарындағы діни сенімдік дүниетанымын танып білуге көмектеседі. Осы мақсатта Ерлік ханның жаратылыс оқиғасының басталуынан бастап жер асты әлемінің иесіне айналғанға дейінгі кезеңдегі атқарған рөлі мен ерекшеліктері аясында оны басқа мифтік жылан бейнелерімен салыстырмалы түрде талдау қолға алынады. Осы барыста алдымен Ерлік ханның Тәңірі Үлгенме болған құбылмалы қарым-қатынасының астарындағы ғаламның үйлесімділігіне қызмет етуге бағытталған негізгі мақсаты анықталды. Нәтижесінде Ерлік ханның, бір жағынан, Дүние Ағашының түбін мекендейтін ғаламдық жыланмен, екінші жағынан Қытай мифологиясындағы жылан бейнелі батыр Үи бейнесімен ұқсас қырларын ашуға мүмкіндік туады. Әсіресе Ерлік хан мен Жылан Баба хан арасындағы мекен, қызмет және қасиет тұрғысынан ортаға шыққан ұқсастықтар жан-жақты талданып, олардың ұсталық өнер аясында тоғысатын жетпектік (инициациялық) ерекшеліктеріне ерекше назар аударылады. Түптеп келгенде, осының барлығы Ерлік ханның әр қырынан жылан бейнелі мифтік кейіпкерлермен ұқсастықтарын анықтауды мақсат етеді. Анықталған ұқсастықтар болса өз кезегінде Ерлік ханның жылан бейнесін жаңадан жасауға мүмкіндік бере алады.

Түйін сөздер: Ерлік хан; Жылан бейнесі; космогониялық миф; Жылан Баба хан; дүниенің жаратылуы; батыр Үи; Ғаламдық Жылан

Аннотация. В данной работе рассматривается змеинный образ Эрлик-хана в алтайском мифе о сотворении мира. Определение его змеиных черт открывает путь к уточнению роли и значения змеи в космогоническом мировоззрении тюрков в целом. Тем самым создаётся основа для аргументации того, что, подобно другим мифологическим традициям – таким как шумерская, китайская и египетская, – и в тюркских мифах о сотворении мира присутствует образ змеи. С этой целью принимается сравнительный анализ роли и особенностей Эрлик-хана в период от начала космогонического события до становления его владыкой подземного мира с другими мифологическими образами змеи. В процессе анализа, во-первых, выявляется, что за переменчивыми отношениями Эрлик-хана с Тенгри Ульгеном скрывается главная цель – обеспечение космической гармонии. В результате становится возможным выявить сходства Эрлик-хана, с одной стороны – с космической змеей, обитающей у корней Мирового дерева, а с другой – с героем китайской мифологии по имени Юй, обладающим змеиным обликом. Особенно подробно рассматриваются сходства между Эрлик-ханом и Змеиным Бабой-ханом в аспектах места обитания, функций и сакральных качеств, при этом особое внимание уделяется их инициационным чертам, пересекающимся в рамках кузнечного мастерства. В конечном итоге всё это направлено на выявление сходств Эрлик-хана с другими мифологическими персонажами в змеином облике с различных сторон. Выявленные параллели, в свою очередь, могут послужить основой для переосмысления и воссоздания образа Эрлик-хана как змееподобного мифологического существа.

Ключевые слова: Эрлик-хан; образ змеи; космогонический миф; Змеинный Баба-хан; сотворение мира; герой Юй; космическая змея

Кіріспе

Бұл мақала – Түркі мифологиясындағы жыланның мифтік бейнесін зерттеуге арналған ауқымды ғылыми еңбектің шағын бір бөлігін құрайды. Мақала көлемінің шектеулігіне байланысты, жылан бейнесінің физикалық әрі символдық ерекшеліктерін жан-жақты талдауға ұмтылмадық. Оның орнына, Түркі космогониялық миф(тер)індегі жылан бейнесінің ізі мен көріністерін салыстырмалы түрде анықтауға басымдық бердік. Әсіресе, бұл зерттеу нақты бір қорытындыға қол жеткізуден гөрі, бұрын-соңды талданбаған жаңа тақырыпты назарға ала отырып, кейінгі зерттеулерге бағыт-бағдар ұсынуды мақсат етеді.

Ғаламның, дүниенің, жалпы тіршіліктің қалай және не себепті пайда болғанын баяндайтын космогониялық мифтер, адамның дүние танымының қалыптасуында және өзін тануында маңызды рөл ойнайды. Бұл мифтерде жаратылыс, белгілі бір жаратушы күштің ортаға шығып хаосты космосқа айналдыруы түрінде бейнеленеді. Мифтерде хаос көбінесе ұшы қиыры жоқ- сулар, мұхиттар, жер асты өзендері немесе әлде бір ғаламдық жұмыртқа түрінде сипатталады. Ал жылан болса осы хаостың символы ретінде ғаламның жаратылуында ерекше орын алады. Кейбір мифологияларда тәңірі ғаламды аталмыш жыланды өлтіріп оның етінен жаратса, кейбірінде жыланның өзі жаратушы ретінде хаостың (жұмыртқаның) ішінен шығып космосты қалыптастырады. Мәселен, вавилондық «Энума Элиш» жаратылыс мифінде тәңірі Мардук ғаламдық сулардың иесі жылан бейнелі тәңіріе Тиаматты өлтіріп оның денесінен дүниені жаратса (Өзгүл, 2024:996-1001), ал қытай мифологиясында жылан бейнелі Пан Гу өзі жарып шыққан ғаламдық жұмыртқадан (хаостан) әлемді жасайды (Чен, 2015: 19-21).

Түркі мифологиясына келер болсақ бұндай жылан бейнесі туралы бірден нақты пікір айту қиын. Тек қана зерттеп көру арқылы ғана қисынды жауап ұсынуға болады. Өйткені түріктердің космогониялық түсінігін бейнелейтін мифтер түрлі тарихи себептерге байланысты өзінің бастапқы түпнұсқалығын толық сақтап қала алмаған. Нақтырақ айтқанда тарих бойынша түрлі діни сенімдер мен мәдениеттердің ықпалына ұшыруы нәтижесінде өзінің төл табиғатын бұзып алған. Оның үстіне мифтерді жазып алу ісі де өкінішке орай тым кеш қолға алынған (Баят, 2022:19-20). Сондықтан қолымызда бір-біріне ұқсамайтын, тіпті бір-біріне қайшы келетін бейнелер, мотивтер және сюжеттерге толы мифтік мәтіндер бар. Бұл жайт, әлбетте түркі жаратылыс мифтеріндегі жылан бейнесін анықтау ісіне де қатысты. Бүгінде түркілердің космогониялық түсінігін бейнелейтін ең толыққанды мәтіндер, Алтай және Саха (Якут) жаратылыс дастандары болып саналады. Бұлардың ішінде Сахалардың жаратылыс дастандары айтарлықтай христиан теологиясының ықпалына ұшырағаны байқалады (Элиаде, 2006: 141). Әсіресе жылан бейнесіне қатысты өзгеріске ұшырамаған түсініктерді кездестіруге қиын. Ал салыстырмалы түрде Алтай жаратылыс дастандарында түркі космогониялық түсінігінің белгілері анағұрлым жақсы сақталған деуге болады. Әсіресе дүниенің жаратылуында белсенді рөл ойнаған Ерлік ханның жыланмен байланысына қатысты маңызды мәліметтер бар (Өгел, 2010: 421). Деседе бұл мәліметтер Ерлік ханды, жоғарыда вавилон және қытай жаратылыс мифтерінен көргеніміздей жылан бейнесі

ретінде көрсетуге аздық етеді. Себебі аталмыш мәліметтер, жаратылыс үрдісінде емес, жаратылыс аяқталып Ерлік жер асты әлемінің ханы (иесі) болғаннан соң беріліп отыр. Оның үстіне жаратылыс дастанның кейбір варианттарында Ерлік хан алғашқы адам ретінде де сипатталады.

Бұған қарамастан Ерлік ханды жылан бейнесі ретінде қарастыруға мүмкіндіктер де жоқ емес. Атап айтқанда оны, дүниенің жаратылуы барысында ойнаған рөлі, Тәңірі Үлгенмен екіұдайлы қарым- қатынасы және жаратылыс аяқталған соң жерасты әлемінің иесі болуы секілді ерекшеліктері жағынан, Жылан Баба хан, батыр Үи (Yu) және Дүние Ағашының түбін мекендейтін ғаламдық жылан сияқты жылан бейнелерімен салыстыра зерттеуге болады.

Жылан Баба хан да Ерлік хан сияқты қазақтың мифтік сипаттағы ертектерінде жер асты әлемінің иесі болып саналады. Екеуінің де жер асты әлемі сипатындағы хаостық кеңістікке иелік етуі, қалай болмасын араларында белгілі ұқсастықтардың барлығынан хабар береді. Егер де шынымен де елең еткізер ұқсастықтар табылып жатса, онда Ерлік ханның жылан бейнесі де нақтылана түседі деген сөз. Дүние ағашының түбінде өмір сүретін ғаламдық жылан символы, Ерлік пен Тәңірі Үлгеннің арасындағы қайшылықтың ерекшелігі негізінде қарастырылатын болады. Батыр Үи болса Қытай мифологиясындағы топан суды тізгіндеген жылан бейнелі астам текті болмыс иесі. Оның негізгі ерекшеліктерімен алда Ерлік ханмен салыстыру барысында толықтай таныса аламыз. Бұл жылан бейнесі, Ерліктің дүниенің жаратылу үрдісіндегі ерекшеліктерінен жылан бейнесінің іздерін анықтау мақсатында саналу түрде таңдап алынды. Бұндай таңдау, әлбетте Түркі мифологиясында батыр Үи сияқты жылан бейнесінің болмағандығы себепті жасалды.

Міне осының бәрі Ерлік ханды жылан бейнесі аясында қарастырудың проблемалары және мүмкіндіктері болып табылады. Біздің міндетіміз де көрсетілген мүмкіндіктерді пайдалана отырып проблемаларды шешуге тырысу. Осы барыста зерттеуіміздің бағытын белгілейтін негізгі сұрақ мынау: Ерлік ханды, (вавилон, қытай жаратылыс мифтеріндегі сияқты) Түркілердің жаратылыс мифіндегі жылан бейнесі ретінде көрсету қаншалықты мүмкін? Бұл негізгі сұраққа жауап беру үшін алдымен мынандай қосымша сұрақтарға жауап беруге тұра келеді: Ерлік ханның жыланмен болған байланысы жаратылыс басталмай тұрып та бар ма еді, әлде ол жер асты дүниесіне қуылғаннан кейін ғана пайда болған құбылыс па? Ерлік хан мен Жылан Баба хан бейнесі арасында қандай да бір ерекшелік, рөлдік және қызметтік жағынан байланыс құруға бола ма? Ерлік ханның әрі жерасты әлемінің (өлілер дүниесінің) иесі әрі алғашқы адам ретінде сипатталуын қалай түсінуге болады?

Әдістер және материалдар

Тақырыпты зерттеудің негізгі әдіснамасы ретінде діндер тарихының салыстырмалы, феноменологиялық және герменевтикалық тұрғыдағы байланыстыру, бақылау және талдау әдістері қолданылды. Қолға алынған жылан бейнесі мәселесі, позитивистік танымдағы бір объект емес, феноменологиялық көзқарас аясында ортаға шыққан бір

құбылыс ретінде қаралды. Осы себепті феномендердің өзіне емес, оның оқиға ішіндегі басқа феномендермен болған байланысына баса назар аударылды. Феномендердің ерекшелігі, сипаты және мағынасы, герменевтикалық тұрғыдағы салыстыру және синтез жасау әдістері арқылы анықталды.

Бұл әдістер өз кезегінде материалдарды тар бір шеңбер аясында емес, кең ауқымда пайдалануға мүмкіндік берді. Түркі мифологиясы аясында тұрып негізгі мәселені талқылауға санаулы мәтіндер таңдап алынғанмен оларды жорамалдап талдауда көптеген материалдарға жүгінілді. Тіпті, қытай мифологиясынан да пайдаланылды. Әсіресе талдау барысында Элиаденің және Серікболдың еңбектеріне көптеп жүгінілді. Бұлардан басқа тақырып бойынша жазылған түрік және қытай тіліндегі зерттеу еңбектеріне де орын берілді.

Негізгі бөлім

Жұмыстың қолға алған басты мәселесі, негізгі бағыты және жалпы аумағы кіріспе бөлімде анықталды. Негізгі бөлімде басты мәселелердің нақты көрінісі ретінде ортаға шыққан кіріспедегі сұрақтар талданып қарастырылады. Аталмыш сұрақтарды талдаудан бұрын негізгі мәтін – Алтай жаратылыс дастанның оқиғасы қысқаша баяндалады.

Дастанның Радлов жинаған нұсқасы бойынша, әуелде бүкіл әлемде ұшы-қиыры жоқ сулардан басқа ештеңе жоқ болатын. Тек қана тәңірі мен Кісі (адам) екеуі судың бетінде бірге ұшып жүретін. Тәңірінің ешбір ойы, ниеті жоқ еді; бірақ Кісі сондай тынымсыз, сабырсыз болатын. Тіпті ол өзін Тәңірден күштімін деп ойлады да суды толқытып, Тәңірінің бетіне су шашып жіберді. Осы қылығы үшін бірден суға құлап кетіп тұншыға бастады. Амалсыз Тәңірден көмек сұрады. Тәңірі оны судан шығарып алды. Артынша судың түбінен бір тас шығарып Кісімен бірге оның үстіне шығып дамылдады. Содан соң Тәңірі Кісіні судың түбіне түсіп топырақ әкелуге бұйырды. Оның әкелген топырағын судың бетіне сеуіп жер бетін жарата бастады. Кісіні тағы да топырақ әкелу үшін су түбіне жұмсады. Бұл жолы Кісі өзіне де құпия бір мекен жарату ниетімен топырақтың бір бөлігін аузында жасырып қалып бір бөлігін береді. Алайда Тәңірі топырақты су бетіне сепкен сәтте, Кісінің аузындағы топырақ та үлкейіп, ұлғая бастады. Кісі абдырап, қорқып кетеді. Қайда қашса да, алдынан Тәңірі шыға береді. Тынысы кесіле бастағанда амалсыз тағы да Тәңірге жалбарынады. Тәңір алдымен оның топырақты жасыру себебін сұрады, шындықты білген соң барып аузындағы топырақты түкіруге бұйырды. Кісінің түкіргі түскен жерлерде таулар мен төбелер пайда болды. Тәңірі жаман ниеті үшін оны күнәһар етіп, атын «Ерлік» деп қояды. Осы сәттен бастап Ерлік, жамандық пен түнектің иесі болса, Тәңірі жақсылық пен жарықтың иесі болып жолдары айрылды. Ерліктің жолына түскендер жаман, Тәңірінің жолымен жүргендер болса жақсы адам атанды (Өгел, 2010: 451-453).

Дастанның келесі бөлімдерінде Тәңірдің адам баласын қалай жаратқаны, Ерліктің адамдарды «алғашқы күнәға» қалай итермелегені және осы себептен адамдардың жер бетіне, ал Ерліктің жерасты әлеміне қуылғаны баяндалады. Алдымен Тәңірі жапырақсыз, бұтақсыз жалаңаш бір ағашқа тоғыз бұтақ жаратады. Осы тоғыз бұтақтан тоғыз адам

пайда болып, бұл адамдардан тоғыз ұлыс тарайды. Ерлік Тәңірден ұлыстарының біреуін беруін сұрайды. Тәңірі оның тілегін қабыл алмайды. Бұған ренжіген Ерлік адамдарды өзіне бағындырудың жолын іздей бастайды. Ақыры күзетші жыланның ішіне кіріп, сол арқылы адамдарға тыйым салынған жемісті жегізеді. Осылайша Ерлік, адамдарды Тәңірге қарсы шығарып тынады. Осы оқиғадан кейін Тәңірі кінәлілерге жаза тағайындайды: жыланды шайтан деп жариялайды, Ерлікті қуып жібереді және адамдарды өз еңбегімен күн көруге мәжбүр етеді. Дастанның соңына қарай Тәңірі Ерлікке жерасты әлемінде өз ұлысын жаратуы үшін "құт" (яғни жаратушы қуат) бергені айтылады. Құттың көмегімен Ерлік, көрік орнатып, от жағып, темір соғумен жылан, құрбақа сынды тіршілік иелерін жаратуды бастайды (Өгел, 2010: 453-365).

Дастандағы тақырыбымыз аясында назар аударуымыз қажет негізгі мотивтер мыналар: Тәңірі мен оның серігінің (шайтан немесе адам бейнесіндегі) мәңгілік сулардың бетінде ұшуы; Тәңірінің серігінің жаратылыс үшін су түбіне сүңгуі; Тәңірінің серігінің жер бетінде таулар мен төбелердің пайда болуына себеп болуы; ғаламдық ағаш және одан адамның жаралуы; Тәңірі серігінің жерасты әлеміне қуылуы және онда өлілер патшалығының иесіне айналуы. Мазмұнындағы кейбір парықтарға қарамастан бұдан өзге жаратылыс дастандарының да негізгі желісі осындай.

Бұл дастанда Тәңірдің аты аталмағанымен, Вербицкийдің және басқалардың нұсқаларынан оның атының Бай Үлген екенін білуге болады (Өгел, 2010: 465-467). Сонымен бірге, Үлгеннің абсолютті күшке ие жаратушы емес екендігін де бірден айта кету керек. Өйткені Үлген жарату идеясын басқа тәңіриелерден алады. Атап айтсақ, Вербицкий жинаған нұсқада сулардың бетінде қонарға жер таппай ұшып жүрген Үлгенге көктен шыққан дауыс жол көрсетеді. Үлген оның бұйрығымен суда ағып бара жатқан бір тасты ұстап алып тұғыр етіп пайдаланады. Тастың үстінде тұрған Үлгенге аспанды қалай жарату керектігін судың астын мекендейтін Ақ Ене үйретеді (Өгел, 2010: 433). Сондықтан Бахаддин Өгелдің пікірінше, Бай Үлген, екінші дәрежедегі көмекші тәңір сипатында болып, Саха (Якут) түріктеріндегі жаратушы рухтарға ұқсайды (Өгел, 2010: 437). Ал Фузули Байат, Алтай–Саян мифтеріне сүйене отырып Үлген мен Ерліктің, «мәңгілік көк» деген мағынадағы абсолютті құдай Көкө Мөңкө, яғни Көк Тәңірі тарапынан жаратылғанын атап өтеді (Баят, 2022: 79).

Осы себепті аталмыш мифтің негізгі мәнін, (мейлі бірінің тәңірі, бірінің шайтан ретінде сипатталғанына қарамастан) Үлген мен Ерліктің арасындағы қарым - қатынастың ерекшелігі мен рөлінен іздеуге тура келеді. Әсіресе олардың арасындағы байланысты талдау, өз кезегінде Ерліктің жыланмен болған байланысын анықтауға да көмектеседі. Радлов нұсқасы сияқты нұсқаларда Ерліктің, Бай Үлгенмен бірге әуел бастан бар екені айтылса, кейбір нұсқаларда оның Бай Үлген тарапынан жаратылғаны баяндалады (Өгел, 2010: 435, 466). Алайда дерліктей барлық нұсқаларда Үлген мен Ерлік арасындағы байланыс төмендегідей ұқсас ортақ бір оқиғаға құрылады: бастапқыда бір-біріне дос (серіктес) саналатын Үлген мен Ерлік, кейінен Ерліктің жаман ниеттері салдарынан бір-біріне қарсы, жау күштерге айналады.

Назар салар болсақ, олардың арасындағы селбестікпен басталып қарсыластыққа ауысатын осы бір қарым-қатынас, тек бір қайнар көзден бастау алған дүниенің біртіндеп

екіге жарылып, поляризациялануымен үндесетіні байқалады. Басқа бір сөзбен айтқанда, олардың бастапқыдағы серіктес болулары жаратылыс оқиғасын бастатса, іле-шала бір-бірімен жауласулары дүние тепе-теңдігінің орнауына себеп болып шыққан. Бұл жағдай олардың әсілінде бір-біріне абсолютты дұшпан емес, қайта өзара бір-бірін толықтырып, жетілдіріп отыратын байланыстарынан хабар береді. Атап айтқанда Үлген жаратушы күшке ие болғанымен, жердің бастапқы материалын – шикізатын – су түбінен алып шығу үшін Ерліктің көмегіне мұқтаж. Мысалы, Алтай түріктерінің тағы бір аңызында, жерді жарату үшін су астына түскен Бай Үлген қанша ойланса да, істі неден бастарын білмей дал болады, осы сәтте адам бейнесіндегі Ерлік келіп оған дүниені жаратуға болатын шикізатты тауып бере алатынын айтады (Өгел, 2010: 466). Сол сияқты, Ерлік су түбінен топырақ алып шыға алғанымен, ештеңе жарата алмайды. Бұны оның ауызына жасырған топырақты ақыр соңында түкіріп тастауға мәжбүр болғанынан көруге болады.

Дастанда Ерліктің аузында топырақ жасыруы, Бай Үлгенге бағынбаудың бір көрінісі ретінде суреттеледі. Себебі Құдай бастапқыда жер бетін тегіс етіп жаратқысы келгенімен, Ерлік түкірген топырақтар нәтижесінде жер бетінде таулар мен төбелер пайда болады. Алайда бұл жағдайға басқа бір қырынан қарайтын болсақ, Ерліктің осы «бағынбауы» шын мәнінде жер бетіндегі тепе-теңдіктің пайда болуына себеп болғанын көретін едік. Яғни, жер бетінде таулар мен шатқалдардың пайда болуымен бірлікте, дүниеде биік пен аласа, ыстық пен суық, жарық пен қараңғы тәрізді қарама-қарсылықтар қалыптасып, тіршілікке қолайлы бір орта қалыптасқан болып отыр. Осы пікірімізді Бұлғарлардың бір жаратылыс аңызы тіпті де қуаттай түседі. Бұл аңызда Тәңірі жер бетін кең етіп жаратқаны сонша, көк оны толық жаба алмай қалады. Тәңір не істерін білмей басы қатады. Сол кезде ол, шайтан мен кірпінің сөйлесіп жатқанын байқап, олардың сөзін тыңдау үшін бір араны жібереді. Ара шайтанның: «Тәңір қолына бір таяқ алып бар күшімен жерге ұруды да білмейді, егер солай жасаса, жер бетінде таулар мен шатқалдар пайда болады да көк жерді жабар еді» — деген сөздерін естиді (Элиаде, 2006:118). Бұл аңыздан жерді бір тегіс етіп жаратудың қандай проблемаларға жол ашатынын көруге болады. Аспанның жерді жаба алмай қалуы, жер мен аспан арасындағы үйлесімсіздіктен хабар береді. Ал үйлесім қашанда өзара қайшы құбылыстардың қатынасында пайда болады. Басқа бір сөзбен айтқанда бұл аңыз тіршіліктің қайшылықтардың бірлігімен ғана жалғасатынын көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Ерліктің әрекеттері түптеп келгенде Үлгенге көмектесіп жаратылысты тәмамдау мақсатында жасалғанын айтуға болады. Сондықтан олардың арасындағы байланысты христиан теологиясындағы Тәңірі мен Ібіліс арасындағы қарым-қатынаспен бірдей бағалау дұрыс емес. Олардың біреуін жаратушы, ал біреуін шайтан ретінде қарастыру, түркі космогониясында сырттан келген ықпалдардың әсерінен пайда болған көзқарас болса керек (Баят, 2022: 302). Ал шын мәнінде, Алтайлықтардың бір мәтелінде айтылғандай: «Ерлік пен Үлген бір есікке қарайды» (Баят, 2022: 304). Осы тұрғыдан қарағанда, олардың арасындағы қатынас христиандық антагонистік үлгіден гөрі, Қытай мифологиясындағы инь-ян қағидасына көбірек ұқсайды. Яғни сырт көзге олар бір-біріне қарсылас болып көрінсе де, шын мәнінде бірін-бірі толықтырып, ғаламның үйлесімін қамтамасыз етіп тұрады (Генон, 2005: 218-219).

Қытай мифологиясындағы «Гун мен Уи-дің Тасқын Апатын Тізгіндеуі» атты әпсанадан да осыған ұқсас жағдайды байқауға болады. Аңыз бойынша, Шунь патшалығы кезінде бүкіл әлемді алапат тасқын басып, адамдар үлкен апатқа ұшырайды. Аспандағы құдайлар арасында тек Гун ғана жердегі адамдардың нәліне қатты жанашы ашиды және оларды құтқару үшін тасқынды өз бетінше тоқтатуға бел байлайды. Алайда Гун тасқынды қалай тоқтатуға шара таппай қиналады. Үмітсіз күйде қамығып жүргенінде оның қасына бір үкі мен бір тасбақа келіп, тасқынды Тәңірі Шан Дидің қазынасы – Ши Раң¹ арқылы тізгіндеуге болатынын айтады. Гун, Тәңірден Ши Раңды ұрлап алып, оны судың үстіне себеді. Көп ұзамай топырақтың өсіп, ұлғая бастағанын көреді. Тасқынның толық басылуына аз уақыт қалғанда, Тәңірі қазынасының ұрланғанын аңғарып, Гунды өлім жазасына кеседі. Алайда Гунның денесі үш жыл бойы шірімей жатады. Мұны көрген Тәңірі оның жынға айналып, өзін мазалай бастауынан қауіптеніп, оны қасиетті қылышпен паршалап тастау масатында тәңірлердің бірін жұмсайды. Гунның денесі қақ бөлінген сәтте оның ішінен жалғыз мүйізді айдаһар кейпіндегі Уи шығады. Уи әкесінің ісін жалғастыруға бел байлайды және Тәңірден Ши Раңды пайдалануға рұқсат сұрайды. Тәңірі оның өтінішін қабыл алып, ресми түрде тасқынды тізгіндеу міндетін оған тапсырады. Ақылды әрі кемеңгер Уи, Ши Раң арқылы судың кей жерін жазық дала, кей жерін биік тау және аңғар етіп қалыптастырады. Соның нәтижесінде сулар жоғарыдан төменге қарай ағып, теңіздер пайда болады да, адамдар апаттан аман қалады (Юан, 2006: 254-256).

Бұл аңыз сырттай қарағанда топан су жайлы хикаялардың бірі сияқты болып көрінгенімен, оқиғадағы жерді қайтадан жаратқан астам текті Уи-дің әрекеттері, бұның шын мәнінде бір жаратылыс туралы миф екенін көрсетеді. Немесе керісінше, тасқын туралы аңызға жаратылыс мифтерінің кейбір элементтері енгізілген болуы да мүмкін. Мейлі қалай болмасын ең маңыздысы – бұл аңыз, хаостың космосқа айналуы мотиві тұрғысынан Алтай жаратылыс дастанымен ұқсастықтар көрсетуде. Мысалға екі жаратылыс хикаясында да жер – киелі топырақтан жаратылады. Түрік аңызында бұл топырақты Ерлік мәңгілік сулардың астынан алып шықса, қытайлық аңызда Гун мен Уи бұл топырақты (Ши Раңды) Тәңірдің дәрегейінен, яғни аспаннан алып келеді. Бұл тұста теңіз түбі мен Аспанды (тәңірдің дәрегейі) ортақ сипаттағы киелі Ілкі Төрдің² символы деп қабылдауға болады. Сонымен қатар зер сала қарағанда, Гунның да Бай Үлген секілді жазық бір жер жаратқысы келгені байқалады. Бұл жағдай сулардың біртіндеп жерге айнала бастағанын аңғартады. Алайда Құдай Гунды өлтіріп, бұған тосқауыл қояды. Мұнда Тәңірдің толықтай біртекті дүниенің пайда болуына деген қарсылығы жатқан сияқты. Өйткені екінші рет топырақтан таулар мен төбелердің жаратылып, тепе-теңдікке құрылған әртекті дүниенің пайда болуына Тәңірі өзі рұқсат береді. Демек араларындағы айырмашылықтарға қарамастан, Ерлік пен Уи-ді тоғыстыратын түс мынау: екеуі де тіршіліктің жарасым мен үйлесім ішінде дамуы үшін дүниені ақ пен қара, биік пен аласа сияқты қарама-қайшылықтарға толы құрылымға айналдырады.

¹ Бұл қытай мифологиясындағы өздігінен дамып үлкею қасиетіне ие киелі топырақтың аты.

² Бұл ұғымды Серікбол Қондыбай, біз әңгіме қылып отырған жерді жаратуға болатын қасиетті топырақ сияқты құдайдың құдіретін бойында сақтаған материалданған ілкі заттарды сақтап (қорғап) және қажетінше адам баласының игілігіне жұмсап отырған киелі орталықты сипаттау үшін қазақ дүние танымы негізінде жасап шыққан. Қондыбай негізін салған төл ұғымды ғылыми айналымға енгізу мақсатында қолдануды дұрыс деп таптық. Толық ақпарат үшін қараңыз: Серікбол Қондыбай

Бұл жағдай, шын мәнінде, Ерлік пен Уи бейнелерінің қарама-қайшылық ұғымымен тығыз байланыста екенін көрсетеді. Олардың жыланмен байланысы да дәл осы жерде – Қарама-қайшылықтар мәселесінде – ортаға шығады. Қытай аңызында Уи мен жылан арасындағы байланысқа ишарат ететін екі маңызды дерек бар. Оның бірі – Уи-дің айдаһар кейпінде бейнеленуі. Өйткені қытай мифологиясында жылан мен айдаһар арасында нақты бір айырмашылық жоқ: сыртқы бейнелері әртүрлі болғанымен, олардың табиғаты бір, тіпті кейде бірінің орнына бірі қолданыла беруі мүмкін. Оның үстіне ежелгі қытай деректерінде «айдаһар» (луң) сөзі көбіне «алып жылан» мағынасында қолданылған (Вен, 2009: 22). Екінші маңызды дерек болса Уи-дің жерасты дүниесінде Фуши-мен кездесуі. Фуши – Қытай мифологиясында аты Нүйва-мен қатар аталатын, басы адам, денесі жылан бейнесіндегі астам текті құдайлық болмыс. Ол халық санасында адам баласын өркениетке жетелеген мифтік ата ретінде таңбаланған (Чен, 2015: 54-57). Осы себепті, Уи мен Фуши-дің кездесуі олардың арасында болмыстық тұрғыда бір ұқсастықтың бар екенін көрсетсе керек. Бұдан бөлек, көне Қытайда шығу тегі Уи-мен байланыстырылатын «Уи қадамы» (Уи бу) деп аталатын, толықтай жылан қозғалыстарын бейнелейтін бір би (ерекше жүріс техникасы ретінде де белгілі) болған (Вен, 2009: 21). Осы келтірілген деректерге сүйене отырып Уи-ді жылан бейнелі мифтік кейіпкер деуге болады.

Осы ретте, функциялық тұрғыдан Уи-мен ұқсас рөл атқаратын Ерліктің де жылан бейнесіндегі астам текті болмыс иесі болуы мүмкін болып шығады. Енді осы мүмкіндікті қарастырып көрейік. Алтай жаратылыс дастанында дүние толықтай жаратылып болғаннан кейін, Үлген адамдарды Манды Шире және басқа да қорғаушы рухтарға тапсырып, көкке көтеріліп кетеді. Ал Ерлік болса, өз әлемін құру үшін жер асты дүниесіне қарай шегінеді (Өгел, 2010: 462-464). Ал жер беті – адамдардың мекені болып қала береді. Осылайша аспан, жер және жер асты дүниесінен тұратын үш қабатты ғалам моделі қалыптасады. Түркі мифологиясында бұл үш дүниені бір-бірімен ғаламның кіндігінде орналасқан Дүние Ағашы жалғап тұрады. Яғни, Дүние Ағашының тамырлары – жер асты әлемін, діңі – жер бетін, ал бұтақтары мен жапырақтары – аспанды бейнелейді (Қондыбай, 2008: 485-486). Бұл Дүние Ағашы бастапқыда бұтақсыз, жалаңаш бір кеуде күйінде болатын, кейін Үлген оның үстіне тоғыз бұтақ жаратады. Бұл бұтақтарды аспан әлемінің жаратылуының символы ретінде қарастыруға болады. Көптеген мифтік мәтіндерде Дүние Ағашының жоғарғы жағындағы бұтақтарында Алып Қарақұс (Самұруқ), тамыр жағында – жер астында – жыланның мекен ететіні баяндалады. Бұл екі бейне жоғарыда көрсетілгендей үйлесім ішінде бір-бірімен шарпысып жатқан ғаламдық заңдылықтың екі жағына уәкілдік ететіндіктен, жылан үнемі Алып Қарақұстың балапандарын жеп қоюға тырысады (Қондыбай, 2008: 499).

Мұндағы жыланның құс балапандарын жеуге ұмтылуы белгілі бір деңгейде Ерліктің, Үлгеннің жаратқан адамдарын иемденгісі келуімен ұқсап қалады. Үлгеннің ағаш бұтақтарынан жаратқан адамдарын, символдық тұрғыдан, ағаштың ұшар басындағы құс балапандары ретінде түсінсек, онда табиғи түрде Алып Қарақұс Үлгеннің, жылан болса Ерліктің хайуан бейнесіндегі символдары болып шығады. Ал олардың жаратылыс аяқталғаннан кейін, шегінген жерлері де Дүние Ағашының төбесі мен тамырларына

сәйкес келеді. Оның үстіне бастапқыда Үлгеннің мәңгілік сулардың үстінде ұшып жүргенін ескеретін болсақ, мұндай байланыстырудың қисынсыз емес екені аңғарылады. Онсызда Алтай жаратылыс мифтерінің кейбір нұсқаларында Тәңір мен «адам», мәңгілік сулардың үстінде қатар жүзіп жүрген қара қаздар бейнесінде суреттеледі (Элиаде, 2006: 136).

Сонымен бірге, кейбір аңыздарда Бай Үлген – күн мен ай мәңгі жарқырап тұратын Ғаламдық Таудың (мәтінде Алтын Тау ретінде айтылады) үстінде отырады. Ғаламдық Тау – түрік мифологиясында кейде Дүние Ағашының орнына қолданылатын киелі орталықтың бейнесі. Бұл екеуі де ғаламның кіндігі (орталығы) ретінде ұқсас қызмет атқарады: аспан сияқты жерді жауып немесе оған көлеңке түсіріп тұру (Үнал, 2020: 33). Ал Ғаламдық Таудың жер астына бойлаған төменгі бөлігі – ешқашан күннің нұры мен жарығы түспейтін Ерлік ханның мекені. Ол жер асты әлемінің ең терең қабатында қара темірден немесе қара батпақтан жасалған сарайда тұрады (Баят, 2022: 315). Осы тұрғыдан қарғанда ғаламдық Таудың үстінде Үлгеннің символы ретінде Алып Қарақұстың, ал астында Ерлік ханның символы ретінде жыланның орналасуы мифологиялық түсінік бойынша қалайда қисынды болып тұр.

Бұлардан басқа Ерлікті жылан бейнесімен байланыстыратын маңызды жайттардың бірі – оның жер астында көрікпен темір өңдеп, өз ұлысын жарата бастауынан көрінеді. Алтай жаратылыс дастанында Ерлік жерасты әлеміне түсе сала, бірден көрік орнатып, төсті балғамен ұрып ұсталықпен айналыса бастағаны айтылады (Өгел, 2010: 462). Бұл жайт Ерліктің Тұңғыш Темірші Ұста, немесе басқа бір сөзбен айтқанда Теміршілердің Атасы екенінен хабар береді. Элиаденің пікірінше, Тұңғыш Ұсталар – адамдарды өркениетке баулу үшін аспаннан түскен тәңірдің ұлы, елшісі немесе көмекшілері болып табылады. Олар әдетте адамдарға отты пайдалануды, жануарларды үйретуді және егіншілікті үйретеді. Әсіресе адамдарды рухани жағынан тәрбиелеп жетілдіретін арнайы дәстүрлердегі жетпек³ (инициация) сынақтарының бас ұстазы қызметтерін атқарады. Таңдап алынған үміткерлерді жетпектік сынақтардан өткізу арқылы оларды тылсым құпияларды түсіне алатын деңгейге жеткізеді. Басқа бір сөзбен айтқанда олар адамды рухани жағынан екінші рет қайта өмірге әкеледі; осылайша Тәңірге көмектесіп жарату ісін тәмәмдаған болады (Элиаде, 2020: 100-103).

Алайда Алтай жаратылыс дастанында бұл міндеттің Манды Шире мен Ерлік ханға бөліп бергені байқалады. Атап айтқанда Үлген көкке шегінер сәтте Манды Ширеге адамдарға балық аулау, мал бағу, киім тігу сияқты дүниелік өнерлерді үйретуді тапсырады. Сонымен қатар, Ерлік ханға да жер асты дүниесінде өз ұлсын жаратсын деп «құт» береді (Өгел, 2010: 462-464). Ерлік ханның құт алған соң ұсталықпен айналысуы – оның адамдардың рухани дамуына жауапты болғанын аңғартады. Олай болса, Ерлік хан әрі Тұңғыш Ұста, әрі жер асты әлемінің иесі ретінде өз иелігіне келген адамдарды түрлі жетпектік сынақтар арқылы тәрбиелеп, олардың рухани кемелденуіне көмектесуі тиіс емес пе?!

Сондықтан, Ерлік ханның тасада қалған бұл ерекшелігін анықтау үшін оны *Ер Төстік* ертегіндегі *Жылан Баба* хан бейнесімен салыстыруға тура келеді. Сондай-ақ бұл салыстыру, Ерлік ханның жыланмен болған байланысын тіпті де айқындай түсетін

³ Бұл терминді Серікбол Қондыбай инициация сөзін этимологиялық тұрғыда талдай отырып жасап шыққан

болатын. *Жылан Баба* хан да, *Ерлік хан* секілді, жер асты өлілер дүниесінің иесі болып саналады. Ертекерде ол аты айтып тұрғандай көбінесе жылан кейпінде сипатталады (Қондыбай, 9-том, 2008: 679, Халлаж, 2022: 14). Тағы бір маңызды жайт, *Ер Төстік* ертегісінде *Жылан Баба* ханмен қатар жер асты әлемінің тұрғындары ретінде *Темір ханның* да аты аталады. Қазақ ертегісі оның нақты кім екені туралы мәлімет бермейді. Алайда оның адамдардың жанын алу міндетін атқаратын айдаһар кейпіндегі *Ерлік ханның* ұлдарынан бірі екенін біз, *Желал Бейдилинің Түркі Мифологиялық Сөздігі* атты еңбегінен көреміз (Бейдили, 2004: 201). Төстік жер асты әлеміне түскен кезде, алдымен *Жылан Баба ханның*, кейін *Темір ханның* түрлі жетпектік сынақтарынан өтуге міндетті болатын.

Осы жерде мынандай бір сұрақ да ортаға шығады: егер *Жылан Баба хан* жетпек (инициация) ұстазы болса, онда оның «Тұңғыш Ұста» болуы да әбден мүмкін ғой? *Ер Төстік* ертегінде бұған қатысты қандай да бір нақты деректің жоқ екенін бірден айта кету керек. *Жылан Баба ханның* теміршілікпен байланысына қатысты дерек, қазақтарда 20-ғасырдың басына дейін атқарылып келген, «*Жылан Қайыс*» ырымы да алдымыздан шығады. Бұл ырым әдетте төрт жасқа толған ер балаларға арналып, арнайы Темірші Ұстаның үйінде жүзеге асырылады. Алдымен Ұста от жағып, көрік басып теміршіліктің ырымын жасайды. Артынан Ұста үстіне жылан түстес сұр торқадан тоқылған шекпенін киіп баланы ауының арасынан ары бері екі рет өткізеді. Бірінші рет өткенде үстіне сауыт кесе, екінші рет өткен кезде қару-жарақ асынады. Осылайша бала символды түрде қарабайыр болмысында өліп, батыр болмысында қайтадан туған болып есептеледі (Әсемқұлов, 2016: 32-33).

Әсіресе Ұстаның ритуалды орындау кезінде үстіне жылан түстес киім киюі – оның символды тұрғыдан *Жылан Баба ханға* уәкілдік ететінін көрсететін ең маңызды белгілердің бірі. Бұл жағдайда, бала да символды тұрғыда *Ер Төстіктің* рөлін ойнай бастайды. Нәтижесінде, ол мифтік ритуалдың күшімен қару-жарақ пен сауыт-сайманды дәл сол **Алғашқы Батыр** – *Ер Төстік* секілді, *Жылан Баба ханның* өзінен алған болып шығады. Түптеп келгенде осының бәрі теміршілік өнерінің түпкі иесі – *Жылан Баба хан* екенін көрсетеді. Осыған байланысты Таласбек Әсемқұлов *Жылан Баба ханды* қазақ ұсталары табынып келген теміршілік өнердің пірі, жебеуші тәңіриесі деп бағалайды (Әсемқұлов, 2016: 34).

Жылан Баба хан мен *Ерлік ханды* салыстырудың нәтижесінде екеуінің де әрі Тұңғыш Ұста, әрі жетпек ұстазы екені белгілі болып отыр. Әсіресе *Ерлік ханның* жетпек ұстазы болып шығуы, оның Бай Үлгеннің жаратқан адамдарын рухани тұрғыда екінші рет қайта жарататын рухани көмекші екенін білдіреді. Бұл өз кезегінде *Ерлік пен Үлгеннің* арасындағы қарым-қатынаспен де үндеседі. Бәлкім көне түркілердің «Ерліктің тектілінін білдіретін «ер» деген атты алған адам, қайта туғанмен бірдей» (Бейдили, 2004: 22) дегені осыдан болса керек. Осы ұқсастықтардың барлығы *Ерлік ханның* да *Жылан Баба хан* секілді, жылан кейіпті тәңірие екеніне толық негіз бола алады. Ал *Ерліктің* шайтан кейпіндегі бейнесі, мифтік сананың әлсіреп киелілігін жоғалта бастаған кезінде, әсіресе сыртқы ықпалдардың әсерімен сызылған болса керек. Шын мәнінде, жер асты әлемін тозақпен, ал оның иесін шайтанмен теңестіру – Сефа Чаталдің анықтағанындай ұғымдық жаңсақтықтан туындаған қате көзқарас болатын (Чатал, 2012: 158-159).

Жер асты әлемі мен тозақ арасында белгілі бір ұқсастықтар болғанымен, олардың негізгі қызметтері бір-бірінен мүлдем басқаша. Тозақ – көптеген діни сенімдерде күнәһар жандардың өлгеннен кейін жазаға тартылатын орны ретінде қарастырылса, жер асты әлемі керісінше – қарапайым бір пенде болып барған адам, ерекше қасиеттерге ие болып қайта оралатын, рухани өзгеріс пен жетілуге жол ашатын киелі кеңістік болып табылады. Бұл жерде адам киеліге, ақиқатқа көзін ашып, абсолютті құндылықтарға қол жеткізеді. Осы тұрғыдан алғанда, жер асты әлемі – Элиаденің сипаттағанындай, абсолютты ақиқаттарға уәкілдік ететін тәңірлер немесе мифтік Аталар өмір сүретін киелі кеңістік (Элиаде, 2020:189) болып табылады. Қондыбай болса бұл киелі кеңістікті қазақ мифологиясы аясында Ілкі Төр немесе Төретам деп атауды ұсынады (Қондыбай, 2008: 49-56). Өз кезегінде, бұл кеңістіктің иесі Ерлік ханды, оның алғашқы адам ретіндегі сипатына қарай отырып, мифтік Ата деп танымдауға болады.

Мифтік аталар, әрдайым жаңа бір бастаманың негізін қалаушы алғашқы астамтекті адамдар ретінде ортаға шығады. Осыған байланысты Ерлік хан да тек Тұңғыш Темірші ғана емес, сонымен бірге тұңғыш рет өмір мен өлімнің дәмін татушы алғашқы адам ретінде көзге түседі. Сондықтан *“Ерлік ханның әрі «Адам», әрі жер асты дүниесінің иесі болып шығуының себебі, мифтік ата ретінде қабылданған алғашқы адамның, табиғи түрде алғашқы өлі болуына тікелей байланысты.”* (Элиаде, 2006: 137). Яғни, мифтік таным бойынша Ерлік ханның жер бетіндегі алғашқы адам болуы – оны адамзаттың бірінші атасына айналдырса, осыған ұқсас алғашқы өлі болуы да оны өлілер әлемінің иесі қылып шығарады (Қондыбай, 2008: 556-560).

Алайда, айта кетуге тисті тағы бір жайт – жоғарыда анықталған ұқсастықтарға сүйене отырып, Ерлік хан мен Жылан Баба ханды бір бейне ретінде бағалау әзірге асығыстық болып шығады. Себебі анықталған ұқсастықтармен бірге әлі де ыждағаттықпен зерделеуді қажет ететін түйіндер де бар. Мысалға, Жылан Баба ханның жаратылыс мифтерімен байланысын көрсететін қандай да бір деректің бар жоқтығын анықтау сияқты. Деседе ең бастысы, бұл екеуінің түптеп келгенде бір бейне болу-болмауын анықтау – зерттеу тақырыбымыздың аясына кірмейді. Біздің аталмыш екі мифтік бейнені салыстырудағы басты мақсатымыз – Ерлік ханның жыланмен байланысын барынша аша түсу болатын және бұл мақсат, негізінен орындалған сияқты.

Қорытынды

Қорытындылай келе тақырып аясында туындаған басты сұрақтарға жауап берілді деуге болады. Бәрінен бұрын, Бай Үлген мен Ерлік хан арасындағы қатынасты қайта қарастыру – түрік мифологиясына тән төл ерекшеліктерді сыртқы ықпалдардың әсерінен туындаған «бөгде» ерекшеліктердің арасынан ажырата отырып жылан мәселесін талдауға мүмкіндік берді. Жаратылыс үдерісінде Ерліктің Үлгенге болған достықтан қарсыластыққа ұласқан ұстанымы – шын мәнінде әлемдік тепе - теңдіктің орнауы үшін жасалған хикметтің көрінісі болып шықты. Өз кезегінде бұл жағдай, Ерлік ханды әр қырынан басқа мифтік мәтіндердегі жылан бейнелерімен салыстыра отырып зерттеуге жол ашты. Осы бағытта жүргізілген талдаулар нәтижесінде, Ерлік хан бейнесі

мен үш үлкен мифтік жылан бейнесі арасында қызмет, рөл және ерекшеліктер жағынан ұқсастықтар анықталды. Атап айтқанда әлемнің қарама-қайшылықтар негізінде жаратылуына себеп болуы жағынан, қытай мифологиясындағы жылан кейіпті қаһарман Уи-мен ұқсас рөл атқарады. Жерасты дүниесін мекен етуі арқылы Дүние Ағашының түбіндегі жыланмен ұқсас хаосты символдайды. Ал әрі Ұста әрі жетпек ұстазы қызметін атқаруы жағынан Жылан Баба ханмен бірдей қасиеттерге ие.

Осы жерге дейін жасалған талдаулар нәтижесінде Ерлік ханды жаратылыс мифінде көрнекті рөл ойнаған жылан бейнесі ретінде бағалауға болады. Демек, түркі халықтарының жаратылыс туралы мифтерінде де басқа халықтардың жаратылыс мифтеріндегі сияқты жылан бейнесі бар болып шығады. Әрине, бұл Ерлік ханның жылан бейнесі түбегейлі нақтыланды деген сөз емес. Аталмыш мәселе әлі де жаңа деректер мен парадигмалар аясында ішкерлей зерттеуді қажет етеді. Осы тұрғыдан бұл жұмыстың міндеті, Ерлік ханның беймәлім жақтарына жарық түсіру арқылы зерттеушілердің назарын аудару болып табылады.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

Әсемқұлов, Т. (2016). Шығармалары: Мифология, тарих, қоғам (5-том). Алматы: Қазақ энциклопедиясы.

Қондыбай, С. (2008). Арғықазақ мифологиясы (4-том). Алматы: Арыс баспасы.

Қондыбай, С. (2008). Гиперборея: Түс түрген заман шежіресі (4-том). Алматы: Арыс баспасы.

Bayat, F. (2022). Türk mitolojisi sistemi I. İstanbul: Ötüken Neşriyat.

Chen, L. (2015). Çin mitolojisi: Efsanelerin kökeni (H. Bögün, Çev.). İstanbul: Kaynak Yayınları.

Çatal, S. (t.y.). Cehennem in yeraltında bulunması ve yer altı tanrılarının şeytan ile özdeşleştirilmesi ibaresine mitolojik bakış. Akademik Açı, 1(2), 147–160.

Eliade, M. (2006). Zalmoksis'ten Cengiz Han'a: Daçya ve Doğu Avrupa folkloru ve dini üzerine karşılaştırmalı bir inceleme (A. Berktaş, Çev.). İstanbul: Kabaalıcı Yayınları.

Eliade, M. (2020). Demirciler ve simyacılar (M. E. Özcan, Çev.). Ankara: Doğu Batı Yayınları.

Eliade, M. (2020). Mitlerin özellikleri (S. Rifat, Çev.). İstanbul: Alfa Yayınevi.

Hallaç, A. T. (2022). Altay Tıvaları ve Er Töştük anlatısının Altay Tıva varyantı: Bay Nazar. Motif Akademik Halk Bilimi Dergisi.

Ögel, B. (2010). Türk mitolojisi (Cilt 1). Ankara: Türk Tarih Kurumu.

Özgül, E. (2024). Eskiçağ mitolojisinde ve tasvirlerinde “yılan” figürü. Kafkas Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi (34), 991–1026.

Ünal, S., & Çeribaş, M. (2022). Türk kültüründe yönler ve sağ-sol algısı (Yüksek lisans tezi). Nevşehir Hacı Bektaş Veli Üniversitesi, Nevşehir.

Yuan, K. (2006). Zhongguo gudai shenhua. Huaxia Chubanshe. (Юан Ке. (2006). Қытайдың ежелгі мифтері. Хуа Шиа баспасы.)

Wen, Y. (2009). Fuxi kao. Shanghai: Shanghai Guji Chubanshe. (Уэн Идо. (2009). Фуси туралы зерттеу. Шанхай көне жазбалар баспасы.)

Guénon, R. (2005). Siyah ve beyaz (sembolizmi) (S. Kılıç, Çev.). Atatürk Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi, 23, 217–222.

References

- Asemqulov, T. (2016). *Shyǵarmalary: Mifologiya, tarikh, qoǵam* (Vol. 5). Almaty: Qazaq éntikolopediıasy [in Kazakh].
- Qondybaı, S. (2008). *Arǵyqazaq mifologıasy* (Vol. 4). Almaty: Arys baspasy [in Kazakh].
- Qondybaı, S. (2008). *Gıperboreia: Tús túrgen zaman shezhıresi* (Vol. 4). Almaty: Arys baspasy [in Kazakh].
- Bayat, F. (2022). *Türk mitolojisi sistemi I*. İstanbul: Ötüken Neşriyat [in Turkish].
- Chen, L. (2015). *Çin mitolojisi: Efsanelerin kökeni* (H. Böğün, Trans.). İstanbul: Kaynak Yayınları [in Chinese].
- Çatal, S. (n.d.). Cehennemin yeraltında bulunması ve yer altı tanrılarının şeytan ile özdeşleştirilmesi ibaresine mitolojik bakış. *Akademik Açı*, 1(2), 147–160 [in Turkish].
- Eliade, M. (2006). *Zalmoksis'ten Cengiz Han'a: Daçya ve Doğu Avrupa folkloru ve dini üzerine karşılaştırmalı bir inceleme* (A. Berktaş, Trans.). İstanbul: Kabalcı Yayınları [in Turkish].
- Eliade, M. (2020). *Demirciler ve simyacılar* (M. E. Özcan, Trans.). Ankara: Doğu Batı Yayınları [in Turkish].
- Eliade, M. (2020). *Mitlerin özellikleri* (S. Rifat, Trans.). İstanbul: Alfa Yayınevi [in Turkish].
- Hallaç, A. T. (2022). Altay Tıvaları ve Er Töştük anlatısının Altay Tıva varyantı: Bay Nazar. *Motif Akademik Halk Bilimi Dergisi* [in Turkish].
- Ögel, B. (2010). *Türk mitolojisi* (Vol. 1). Ankara: Türk Tarih Kurumu [in Turkish].
- Özgül, E. (2024). Eskiçağ mitolojisinde ve tasvirlerinde “yılan” figürü. *Kafkas Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi*, (34), 991–1026 [in Turkish].
- Ünal, S., & Çeribaş, M. (2022). *Türk kültüründe yönler ve sağ-sol algısı* (Master's thesis). Nevşehir Hacı Bektaş Veli Üniversitesi, Nevşehir [in Turkish].
- Yuan, K. (2006). *Zhongguo gudai shenhua*. Beijing: Huaxia Chubanshe. (Originally published in Chinese; transl. from: Юан Ке. Кытайдың ежелгі мифтері. Хуа Шиа баспасы.) [in Chinese].
- Wen, Y. (2009). *Fuxi kao*. Shanghai: Shanghai Guji Chubanshe. (Originally published in Chinese; transl [in Chinese].
- Guénon, R. (2005). *Siyah ve beyaz (sembolizmi)* (S. Kılıç, Trans.). Atatürk Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi, 23, 217–222 [in Turkish].

Авторлар туралы мәлімет / Information about authors / Сведения об авторах

Ерсұлтан Әлайдар – Он Тоғызыншы Мамыр Университеті, Самсун, Түркия, ersultan.alash@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0006-8972-2959>

Ersultan Alaidar – Ondokuz Mayıs University, Samsun, Türkiye ersultan.alash@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0006-8972-2959>

Ерсұлтан Алайдар – Университет Он Докуз Маис, Самсун, Турция ersultan.alash@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0006-8972-2959>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Received by the editorial office: 23.05.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами / Approved by reviewers: 10.06.2025

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 18.06.2025